

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
18.12.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісі Төрағасының орынбасары
Г.И. ИСИМБАЕВА жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 18.12.2019 года
Вела заседание Заместитель Председателя Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
ИСИМБАЕВА Г.И.**

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Бірінші мәселе – «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Қуанышұлы Жұмағалиев мырзаға беріледі.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Құрметті Гүлмира Истайбекқызы! Құрметті депутаттар! Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, сіздерді Тәуелсіздік күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Еліміз гүлденіп көркейе берсін! Елімізге тек қана жақсылық тілеймін.

Бүгін сіздердің назарларыңызға «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ұсынылады.

Құрметті депутаттар, заң жобасы «Бәйтерек» жобасын іске асырудың негізгі шарттарын өзектендіруді көздейді.

Алғашында жобаны «Ангара» ресейлік зымыран негізінде іске асыру жоспарланған болған. Бірақ «Ангара» зымыраны уақытында дайын болмағандықтан тараптар жобаны іске асырудың көптеген әртүрлі варианттарын қарастырып, талдау жасады. Мәселені қосымша пысықтаудың нәтижесінде тараптар жобаны «Союз-5» зымыран негізінде іске асыруды шешті. Жалпы алғанда, Ресей Федерациясы зымыранды жасау үшін жауап береді, ал біз жерүсті инфрақұрылымы үшін жауап береміз.

Осы жобада Ресей тарапы «Союз-5» зымыранды техникалық және старттық кешендерінде бақылау-тексеру жабдықтарын құруды, сондай-ақ

үдемелі блоктың техникалық кешенін, ғарыш аппаратын және ғарыштық басты бөлігін жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Осы жұмыстар 916 миллион АҚШ долларымен бағаланады.

Жаңғырту мақсатында 2018 жылы «Байқоңыр» айлағының 42-ші, 43-ші және 45-ші алаңдарында орналасқан «Зенит-М» кешенінің 243 объектісі Қазақстан тарапына берілді. Қазақстан тарапы «Зенит-М» кешенін жерүсті инфрақұрылымы объектілерін қайта жаңарту мен жаңғыртуды жасайды. Старттық және техникалық кешендерді жаңғырту жұмыс істеп тұрғандарын күрделі жөндеу және қайта жаңарту, сондай-ақ жерүсті ғарыш инфрақұрылымының жаңа объектілерін салу жұмыстары жүргізілетін болады. Осы жұмыстар 233 миллион АҚШ долларымен бағаланады.

Жерүсті кешенін жаңғырту және құрылыс жұмыстары кезінде қазақстандық компанияларды барынша тарту жоспарланады. Ол қосымша жұмыс орындарын береді.

«Бәйтерек» ғарыш зымыраны кешенін іске қосуының маңыздысы – «Байқоңырды» ең белсенді ғарыш айлағы ретінде сақтауға мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешені бойынша стратегиялық әріптестік пен екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Құрметті депутаттар, мен өз баяндамада айтқандай, бұл ғарыш саласын дамыту үшін өте маңызды жоба. Осыған байланысты сіздерден заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Қаралып отырған заң жобасының отандық ғарыш саласын дамыту үшін және Қазақстанның жерүстіндегі ғарыш инфрақұрылымының меншікті объектілерін пайдалана отырып, ұшу қызметін жүзеге асыратын мемлекеттердің қатарына қосылу үшін оның өте маңызы зор. Сол себепті мен заң жобасын толық қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын. Соған байланысты менің сұрағым бар.

Құрметті Асқар Қуанышұлы! Заң жобасын талқылау барысында хаттаманы ратификациялау «Байқоңыр» ғарыш айлағының жұмыс істеуін жандандыруға мүмкіндік беретіні және бұл өз кезегінде ғарыш саласында мамандандырылған қазақстандық ұйымдардың қызметін одан әрі дамытуға ықпал ететіні бірнеше рет атап өтілді.

Ғарыш саласында алынатын пайдамен қатар заң жобасы табысты түрде іске асқан кезде Қазақстан қандай нақты әлеуметтік-экономикалық пайда алады? Оған қоса заң жобасын іске асыру өңір тұрғындары үшін қандай оң өзгерістер әкелмек? Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Асқар Қуанышұлы.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Рақмет.

Құрметті Әбдіманап Елікбайұлы! Құрметті депутаттар! Бұл әлеуметтік жағынан өте маңызды жоба. Өйткені бұл Байқоңырда бірінші рет жасалған жоба. Байқоңырда біздің тұңғыш объектіміз болады. Біздің мамандарымыз осы объектіде жұмыс істейтін болады. Бұл біріншіден.

Екіншіден, осы жобада 500-ден аса қазақстандық мамандар жұмыс істейтін болады. Біз мамандарымызды дайындаймыз, өйткені ол өте маңызды. Және бұл өңірге де үлкен пайдасын беретін жоба. Өйткені жаңғырту барысында 1 мыңнан аса жұмысшы қатысатын болады, оның ішінде құрылысшылар, басқа да мамандар бар. Өйткені жаңғырту барысында құрылыс жұмыстары, басқа да жұмыстар болады, ол өңірге жақсы әсерін тигізеді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Аронова Ирина Петровнаға беріледі.

АРОНОВА И.П. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Мой вопрос адресован представителю Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

К пакету документов к законопроекту приложено заключение государственной экологической экспертизы, подготовленное Комитетом экологического регулирования и контроля Министерства энергетики.

В заключении изложена детальная оценка воздействия на окружающую среду, атмосферный воздух, водопотребление, водоотделение, растительный и животный мир, почву и грунт. Проведен этот анализ воздействия только при строительстве и пуске ракеты-носителя.

Скажите, пожалуйста, а каково же будет воздействие на окружающую среду при падении отделяющихся частей ракет-носителей? Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Әбдіжәмілұлы Пірімқұлов.

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. Большое спасибо, Ирина Петровна, за вопрос.

Проект «Байтерек» будет реализован на базе существующей наземной инфраструктуры космического ракетного комплекса «Зенит», летать на компонентах топлива, аналогичных компонентам топлива «Зенита». Изменений в экологическом воздействии не прогнозируется.

На текущий момент все расчетные показатели воздействия проекта «Байтерек» находятся в пределах допустимых экологических норм. При этом необходимо заметить, что проект «Байтерек» только прошел предОВОС. После того, как он начнет реализовываться, будут определены ракеты-носители, которые будут запускаться, после чего будет определяться траектория падения отделяющихся частей ракет и только после этого будут определены зоны падения ракет, по которым будет проходить отдельная ОВОС, и все это будет подлежать обязательному

экологическому обследованию.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Экологическому обследованию будут подлежать...

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. Будет дополнительная ОВОС по зонам падения ракет каждой ракеты-носителя в рамках проекта «Байтерек».

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Предварительно у вас прогнозов нет, насколько это может оказать негативное воздействие?

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. Это будет проводить Казэрокосмический комитет, когда будет проектировать ракеты-носители. На сегодня есть пять действующих зон падения по «Протону», «Союзу-5» и «Союзу-6». Все зоны падения, которые сегодня существуют в Казахстане, прошли государственную экологическую экспертизу. Есть порядок работы при каждом запуске. Есть совместный приказ КЧС, департамента экологии и Аэрокосмического комитета, который своевременно реагирует на все это.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Поводов для беспокойства нет?

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. Нет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.

ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Қадірлі Асқар Қуанышұлы! Зымырандарды ұшыру халықтың арасында қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер етуіне қатысты үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. «Протон» зымыран қалдықтарының құлағанын білеміз, оның экологиялық апаттарға жақын әсерін білеміз.

Хаттаманың 1-бабында «Бәйтерек» кешенінің экологиялық қауіпсіздік деңгейі жоғары тасымалдағыш зымырандарды ұшыруға арналатыны аталып өтіледі. Осыған байланысты мен бір мәселелерді нақтылап алғым келіп отыр.

«Бәйтерек» кешенінен ұшыру үшін қандай тасымалдағыш зымырандар қолданылады? Және бүгін пайдаланылып жүрген қоршаған ортаға зиянды әсер ететін «Протон» тасымалдағыш зымыранынан бұның қандай айырмашылығы бар?

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Рақмет, Бекболат Қанайұлы.

Сіз өте дұрыс айтып отырсыз, біз «Протон» арқылы спутниктерді «Байқоңыр» кешенінен ұшырған болатынбыз. Оның экологияға әсерін барлығымызға белгілі. Бұл тасымалдағыш зымыраны гептил отынын пайдаланады. «Союз-5» гептил отынын пайдаланбайды, оның орнына оттегі мен керосин отыны пайдаланылатын боламыз, ол экология жағынан әлдеқайда артық, экология жағынан мәселелер болмайды. Сондықтан коммерциялық жағынан «Союз-5» тасымалдағыш зымыраны «Протон» тасымалдағыш зымыранынан әлдеқайда артық болып табылады.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жақсы.

Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Мой вопрос адресован представителю Министерства финансов и докладчику.

Как известно, космодром «Байконур» и его объекты являются собственностью Республики Казахстан, но до 2050 года находятся в аренде Российской Федерации. Контроль за сохранностью и условиями эксплуатации арендуемых объектов комплекса «Байконур» возложен на республиканское государственное учреждение «Байконырбаланс», которое является подразделением Министерства финансов.

В последнее время участились факты хищения на объектах космодрома. К примеру, в средствах массовой информации была информация о том, что недавно была кража 2,5 километра кабеля на территории космодрома.

Скажите, пожалуйста, каково текущее состояние объектов и какая работа проводится по обеспечению сохранности объектов космодрома?

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қаржы бірінші вице-министрі Берік Шолпанқұлұлы Шолпанқұлов.

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. В соответствии с требованиями соглашения сохранность возложена на российскую сторону. «Байконырбаланс» непосредственно ведет учет и мониторинг за имуществом Республики Казахстан, переданным в аренду.

С учетом изложенного хотел бы отметить, что весь учет и ежегодный аудит активов, которые переданы российской стороне, проводятся «Байконырбалансом» и у нас никаких расхождений нет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Комплекс «Байтерек» будет нашим комплексом. Насколько будет обеспечена его охрана?

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Да, комплекс «Байтерек» – это наш объект. Непосредственно полную ответственность за него несет Аэрокосмический комитет, который взял в управление акционерное общество.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. И за сохранность тоже?

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Сохранность ведет полностью акционерное общество.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Тогда, Аскар Куанышевич, к Вам вопрос.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Да, на самом деле тот факт, о котором уважаемая Снежанна Валерьевна сказала, имел место. В настоящее время открыто уголовное дело, соответствующие правоохранительные органы рассматривают данные вопросы. По итогам рассмотрения будет вынесено соответствующее решение.

Я хотел бы сказать, что сегодня охранная компания, которая занимается соответствующими работами по данному объекту, представила нам письменное заявление о том, что она возместит весь ущерб.

Во-вторых, конечно же, мы хотели бы, чтобы кроме возмещения ущерба в дальнейшем таких фактов не было, минимизировать возможности

кражи соответствующих материалов с данного комплекса.

В этой связи сегодня Аэрокосмическим комитетом и соответствующей организацией проводится работа по установке камер по всему периметру, восстановлению всех ограждений, которые израсходовали свое эксплуатационное право.

В-третьих, сегодня мы собираемся увеличить количество охранников. С точки зрения безопасности будем принимать все меры, чтобы вот такого рода фактов в дальнейшем не предполагалось на данном комплексе. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Сөз депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтегүлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Құрметті Асқар Қуанышұлы! Бүгінгі күні Қазақстан «KazSat-2», «KazSat-3» спутниктерін іске қосты, олар табысты жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар 2023 жылы «KazSat-2» спутнигін «KazSat-2R» спутнигімен ауыстыру жоспарланып отыр. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

«Бәйтерек» зымыран кешенін 2022 жылы іске қосу жоспарланып отырса, осы «KazSat-2R» спутнигі «Бәйтерек» кешенінен ұшырыла ма, жұмысын бастай ма? Осы туралы айтып берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Асқар Қуанышұлы.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Құрметті Ерсұлтан Өтегүлұлы! Бұл, әрине, өте маңызды. Өйткені қазіргі таңда жаңа объектінің құрылысы жүріп жатыр. Ол біздің тұңғыш объектіміз болады. Сондықтан болашақта спутниктерімізді тек осы зымыран алаңы арқылы шығаратын боламыз, соған тырысамыз. Бұл біздің мақсат-міндетіміз. Біз қолымыздан келгенше жұмыс жасаймыз. Спутниктерімізді тек осы алаң арқылы ұшыруға тырысамыз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жақсы.

Сөз депутат Сейдұманов Серік Тұрарұлына беріледі.

СЕЙДУМАНОВ С.Т. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемый Асқар Қуанышевич! Реализация совместного казахстанско-российского проекта «Байтерек» позволит Казахстану стать полноценным участником международной космической деятельности путем оказания пусковых услуг отечественным и зарубежным компаниям. Как уже было отмечено, такие возможности у комплекса «Байтерек» будут.

Скажите, пожалуйста, есть ли проекты и договоренности с другими странами по коммерческим запускам космических аппаратов? Если есть, то с какими странами?

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Серик Турарович, исходя из маркетинга, мы сегодня видим достаточно хорошее будущее данного комплекса и в целом ракеты-носителя, которая создается Российской Федерацией.

По нашему мнению, на данной площадке ожидается порядка четырех пусков в год, причем порядка одного-двух спутников дистанционного зондирования и двух-трех телекоммуникационных

спутников. Сегодня у нас уже имеются определенные договоренности с Российской Федерацией по запуску соответствующих спутников с данной площадки.

В настоящее время подписываются соответствующие бумаги, документы. Как только все документы подпишем, мы придем в Парламент с целью ратификации данных соглашений. Надеюсь, что в ближайшее время мы будем у вас и продемонстрируем будущее «Байтерека» с точки зрения коммерческого использования. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. То есть планы есть.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Есть планы.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Тасболатов Абай Бөлекбайұлына беріледі.

ТАСБОЛАТОВ А.Б. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемый Аскар Куанышевич! Проект по созданию космического ракетного комплекса «Байтерек», конечно же, является первым казахстанско-российским проектом по использованию объектов космодрома «Байконур». Это позволит Казахстану создать полный технологический цикл – от производства до запуска космических аппаратов.

Развитие отечественной космической отрасли требует, конечно же, подготовки квалифицированных инженерно-технических кадров.

Скажите, пожалуйста, Аскар Куанышевич, создан ли центр подготовки квалифицированных национальных кадров в сфере космической деятельности через АО «Совместное казахстанско-российское предприятие «Байтерек»? Если он создан, то сколько казахстанцев из данного центра обучались за рубежом, проходили ли подготовку по стажировке? Как решен вопрос их трудоустройства?

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Уважаемый Абай Болюкпаевич! В этом отношении, конечно, нами проводится работа. Сегодня в Казахстане порядка пяти вузов готовят соответствующих специалистов для космической отрасли.

Если говорить конкретно о «Байтереке», то мы в большей степени собираемся использовать специалистов, которые готовятся непосредственно на «Байконуре». Есть такой факультет, который является факультетом Московского авиационного института. Мы с ними работаем сегодня и готовим в данном вузе больше 200 сотрудников.

Понятно, что эти студенты будут подготовлены, затем смогут работать на «Байтереке». В то же время сразу со студенческой скамьи неправильно было бы их направлять на такой высокотехнологичный комплекс. Поэтому тот центр, о котором Вы говорите, обязательно будет создан. В данном центре мы будем обучать и повышать квалификацию наших сотрудников. Это первое.

Во-вторых, в этом центре мы, конечно, в качестве менторов и

преподавателей будем использовать и наших российских коллег, чтобы перенимать опыт и максимально подготовить наших специалистов к работе на высокотехнологичном комплексе.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. По срокам можете сказать, когда планируете создать центр?

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Центр мы создадим уже в 2021 году и будем работать по подготовке наших специалистов. С учетом того, что срок запуска с комплекса «Байтерека» предполагается несколько позднее, понятно, что центр должен быть организован несколько ранее, чтобы максимально подготовить специалистов к завершению строительства.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Абай Болжукпаевич.

ТАСБОЛАТОВ А.Б. Это, наверное, поздно. Почему все-таки 2021 год? Еще два года. Кадры должны быть подготовлены раньше. Они должны пройти стажировку. Ответьте, пожалуйста, почему так поздно?

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Это длительный процесс – подготовка кадров.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Во-первых, длительный вопрос.

Во-вторых, мы подготовили специалистов, этот комплекс заработает за рубежом с 2023 года. В этот период нужно будет коллегам оплачивать зарплату. Поэтому мы готовим их тогда, когда они будут нужны для конкретной работы, после запуска данного проекта.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ.

Сөз депутат Чирков Михаил Владимировичке беріледі.

ЧИРКОВ М.В. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемый Аскар Куанышевич! Мой вопрос касается финансирования проекта «Байтерек».

По протоколу для создания одноименного комплекса казахстанская сторона должна профинансировать реконструкцию и модернизацию объектов наземной инфраструктуры космического комплекса «Зенит-М». Стоимость этих мероприятий составляет 88,4 миллиарда тенге. Однако на эти цели в республиканском бюджете на 2020 – 2022 годы предусмотрены средства в размере 45,7 миллиарда тенге, то есть чуть больше половины стоимости проекта.

В связи с этим вопрос: не повлияет ли неполное финансирование на выполнение Казахстаном своих обязательств, учитывая, что летные испытания планируется начать в конце 2022 года? Спасибо.

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Спасибо, Михаил Владимирович.

Конечно, без средств завершить этот объект невозможно. У нас есть четкое понимание, что необходим полный объем средств для завершения данного строительства.

Одна маленькая ремарка. В 2023 году предполагается завершение этого объекта. Соответственно, разница между общей стоимостью объекта и выделенными средствами на 2020, 2021, 2022 годы как раз будет

выделяться в 2023 году. Предварительные переговоры с Министерством финансов мы провели. Надеюсь, что в следующем бюджете вы эту цифру увидите и в целом вся картина по финансированию сложится, исходя из полной стоимости объекта.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. На выполнение Казахстаном своих обязательств это не повлияет?

ЖҰМАҒАЛИЕВ А.Қ. Не повлияет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жақсы. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Асқар Қуанышұлы, рақмет Сізге.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған хаттаманың отандық ғарыш саласын дамыту үшін маңызы зор. Мұны «Байқоңыр» ғарыш айлағын біртіндеп өзіміз пайдалану үшін жасалып отырған алғашқы қадамның бірі десек болады. Өйткені хаттамада, министр мырза баяндамасында айтып өткендей, «Зенит-М» кешенінің оң бөлігін жалдан шығарып, қазақстандық тарапқа қайтару, «Бәйтерек» кешенін құру үшін Қазақстан және Ресей тарапынан бөлінетін қаржыландырудың үлесі айқындалады.

«Бәйтерек» кешені – ғарыш саласындағы Қазақстанның қатысуымен жүзеге асырылатын алғашқы бірлескен жоба. Бұл 2004 жылдан бері жоғары саяси деңгейде жүргізілген екіжақты келіссөздердің, отандық мамандардың тынымсыз еңбегінің жемісі десек болады.

Өздеріңізге белгілі, кезінде адам ғарышқа алғаш рет ұшқан кезде «Байқоңыр» деген қазақ сөзі бүкіл планетаға ең танымал сөз болған еді. Енді жаңа заманда сол дәстүрді жаңаша жалғастыру арқылы еліміздің абыройын тағы да көтеруге ниет жасалып отыр.

Жобаның екінші ерекшелігі – онда экологиялық тұрғыдан таза отынға, атап айтқанда, сұйық оттегі мен керосинге негізделген зымыран тасымалдағыштарды пайдалану көзделеді.

Үшіншіден, жобаның сәтті жүзеге асырылуы ұзақ мерзімді кезеңде коммерциялық пайда алуға мүмкіндік береді. «Бәйтерек» кешені арқылы отандық және шетелдік компанияларға ақылы негізде ұшыру қызметі ұсынылатын болады.

Ең бастысы, аталған кешенді құру ғарыш саласындағы отандық кәсіпорындардың қызметін жандандыруға, қазақстандық мамандарды іс басында (практика жүзінде) даярлауға, «Байқоңыр» кешенінде қазақстандықтар үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жерүсті ғарыш инфрақұрылымын реконструкциялау және жаңғырту жұмыстарына қазақстандық жобалау және құрылыс компанияларын тартуға мүмкіндік

береді.

Мәжілістің барлық тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындысын берді.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволардың қатысуымен жұмыс тобының отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Қарастырылып отырған заң жобасының отандық ғарыш саласының дамуына және Қазақстанның әлемдегі ғарыш саласындағы алпауыт мемлекеттердің қатарына қосылуына, салааралық байланыстардың дамуы арқылы ұлттық экономиканың жандануына ықпал ететінін ескере отырып, комитет заң жобасын мақұлдау туралы ұсыныс енгізеді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Дархан Қамзабекұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ертаев Бақытжан Ертайұлына беріледі.

ЕРТАЕВ Б. Рақмет, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Сегодня «Байконур» является крупнейшим и самым активным по количеству пусков космическим комплексом мира, с которого ежегодно стартуют десятки ракет.

С полным основанием можно назвать «Байконур» символом дружбы и плодотворного партнерства двух государств – Казахстана и России, которые уже определили перспективы долгосрочного совместного сотрудничества.

Как известно, от развития космической деятельности напрямую зависят многие отрасли производства и услуг в мировой экономике. К примеру, на сегодняшний день с помощью космических систем решаются такие важные вопросы, как доступ к сети интернет, цифровому телерадиовещанию, метеорологии и навигации.

Поэтому государства, вкладывающие ресурсы в развитие данной деятельности, напрямую инвестируют в свое будущее.

Так, Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев в своем Послании от 17 января 2014 года «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» ставил конкретную задачу – основать отрасль нано- и космических технологий, тем самым еще раз подчеркнув важность создания полноценной отечественной космической отрасли.

Законопроектом предусматриваются актуализация основных условий реализации проекта по использованию космического ракетного комплекса «Байтерек» с высоким уровнем экологической безопасности для осуществления с него запусков космических аппаратов, распределение финансирования между казахстанской и российской сторонами, а также вывод из аренды объектов космического ракетного комплекса «Зенит-М» и передача Республике Казахстан для модернизации.

При этом особо хотелось бы отметить, что протоколом

предусматривается использование ракет-носителей на основе наименее опасного экологического топлива. По данным разработчиков, в качестве топлива будут использованы керосин и кислород, которые существенно улучшат экологическую ситуацию во время пусков и возможных аварийных ситуаций.

Учитывая это, мы полагаем, что Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности следует провести разъяснительную работу среди населения по экологической составляющей проекта «Байтерек», который предполагает использование ракет-носителей на более экологически чистых компонентах топлива.

Считаем это необходимым и важным, поскольку у населения сложился стереотип относительно опасности запуска ракет с космодрома «Байконур», использующих гептил.

Принятие закона позволит достичь положительного социального эффекта, включая открытие новых рабочих мест непосредственно на объектах космодрома «Байконур», появление возможности создания на базе объектов космодрома «Байконур» центра подготовки квалифицированных кадров в сфере космической деятельности.

На основании изложенного предлагаю одобрить законопроект и призываю своих коллег поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Бакытжан Ертайұлы.

Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Дауыс беруге қатысып отырғандар» – 95, «дауыс бермегендер» – жоқ, «қарсылар», «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Дауыс беруге қатысып отырғандар» – 94, «дауыс бермегендер» – жоқ, «қарсылар», «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.



Дурао: Құрсаттанмен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Манат Н. Шағынтаев.